

Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы,
Майбалық ауылы!!!

Қазақстан-еңселі елім менің!

Майбалық — кіндік қаным тамған, туып-өскен жерім.

Дүниеге шыр етіп келгеннен бастап-ақ адам баласы туған үйін, туған ауылын тани бастайды. Өсе келе оның топырағынан өзіне нәр алып, оның қырындағы әсем гүлдерін теріп, құмары қанғанша балшырынды суын ішіп, мейірі қанғанша таза ауасын жұтады.

АУЫЛЫМНЫҢ КӨЛІ

Туған жердей жер болмас!

Ауыл тұрғындары астық алуда

Майбалық мешіті

Туған өлкемнің тұнып тұрған әсем көрінісі бойыма еріксіз мақтаныш сезімін құйады. Тау етегіндегі қуыстарды қуалай өскен буталы орманы, тау суын сарқырата кең далаға алып қашқан өзендері, дән теңізіне шалынған жазық даласы, төрт түлік малға төсін ашқан құтты жайлау қырлары, көк жасыл желекке бөленген ауыл үйлері, зәулім ғимаратты үлкен, көрікті қалалары бойыңа еріксіз күш, қайрат, еліме деген махббат сезіміне бөлейді.

Майбалық орта мектебі

**ЖЫЛҚЫ малы
сауса сүт, жесе
ет, мінсе көлік,
кисе киім**

Ғабит пен Сәбит туған ауданымда,
Сафуан және де бар байқадың ба?
Киелі топырақтың иелері
Ендеше мен солардың мұрагері.

Жамбыл ауданы әкімшілігінің үйі. 2005ж.

Мен туған өлке -тарих тұнған өлке. Бұл өлкеде талай хас сұлулар,ержүрек батырлар, би-шешен, жырау да туып өскен.

Есеней

Қожаберген
жырау

Сегіз сері

Қасиетті, туған жер! Бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін мен саған қарыздармын, қажырлық пен қайсарлықты, құзды шыңды тауың мен асау желің үйретсе, жомарттық пен ақ пейілдікті мына жатқан жеміс талы сайсамаңнан үйрендім. Шыдамдылық пен байсалдықты шетсіз де шексіз далаңнан үйрендім.

